


ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІГІ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ
БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІГІ

2009

ISLAM INTERNATIONAL PUBLICATIONS LTD.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ
БАЛАЛАРҒА
МЕЙІРІМДІЛІГІ



2009

ISLAM INTERNATIONAL PUBLICATIONS LTD.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІГІ THE HOLY PROPHET'S KINDNESS TO CHILDREN

Kazak translation

First edition 3000, published in Almaty, Kazakstan, in February 2009.

© ISLAM INTERNATIONAL PUBLICATIONS LTD.

Published by: Islam International Publications Ltd.
“Islamabad”, Sheephatch Lane,
Tilford, Surrey GU10 2AQ, UK
and Religious Association “National Ahmadiyya
Muslim Jama’at of the Republic of Kazakstan”.
9, Baitasov St., Almaty 050010 KAZAKSTAN

Издано “Ислам Интернашнл Пабликейшнз Лимитид”,
“Исламабад”, Шипхэтч Лэйн,
Тилфорд, Суррей GU10 2AQ, Великобритания
и религиозным объединением “Национальный Ахмадийский
Мусульманский Жамагат Республики Казахстан” (РО “НАМЖ РК”).
Д. 9, ул. Байтасова, Алматы 050010 КАЗАХСТАН

ISBN: 978-1-84880-202-5

Басқа да мәліметтер алғыңыз келсе,
мына мекен-жайларға хабарласыңыз:

1. Islam International Publications Ltd.
“Islamabad”
Sheephatch Lane,
Tilford, Surrey GU10 2AQ, UK
Тел. +44 (0) 208.870.61.34

2. КАЗАХСТАН 050010 Алматы
ул. Байтасова, 9, РО “НАМЖ РК”
тел. +7 (727) 291.49.81
факс +7 (727) 291.04.58
ahmadiyyat.kazakstan@gmail.com

3. КАЗАХСТАН 040000 Талдықорған
мқр. Каратал. дом 10 б кв. 32
АОФ РО “НАМЖ РК”
тел. +7 (282) 30.54.23

4. КАЗАХСТАН 486008 Шымкент
ул. Торекулова, 161, ЮКОФ РО “НАМЖ РК”
тел./факс +7 (7252) 57.22.94

5. КАЗАХСТАН 071411 Семипалатинск
Ул Каркаралинская 22 кв.8, ВКОФ РО “НАМЖ РК”
тел. +7 (7222) 42.24.56

6. РОССИЯ 105094 Москва
ул. Госпитальный вал, д.5, корп. 18, кв. 249
Ахмадийская Мусульманская Община г. Москвы
Тел./факс +7 (495) 360.27.90

7. КЫРГЫЗСТАН г. Бишкек
пер. Магнитогорский, 21
Предст-во “Миссии Ахмадийской
Мусульманской Общины” в КР
Тел./факс +996 (312) 44.23.09
ahmadiyyat.kyrgyzstan@gmail.com

8. РОССИЯ 420136 Татарстан
Казань, ул. Чуйкова, д.19, кв. 105,
РО Ахмадийская Мусульманская Община
Тел./факс +7 (8435) 22.11.98



КІРІСПЕ

«Пайғамбарымыздың^{са} балаларға мейірімділігі» – бұл «Балалар кітабы» комитетінің мүшелері дайындаған тағы бір кітапша. Комитет Хазірет Халифатул-Мәсіхтің көмегімен құрылған және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

Комитет мүшелері Хазурға өзінің жұмысының көптігіне қарамай, комитеттің жұмысына терең қызығушылық танытқаны және берген бағалы ақыл-кеңесі үшін шексіз алғысын білдіреді.

Біз сонымен қатар Хазірет Мир Мұхаммед Исмайыл – Уәделенген Мәсіхтің^{ас} сахабасына, көп жыл бұрын жарыққа шыққан және балаларды тәрбиелеуде үздік деп танылған урду тіліндегі түпнұсқа кітабы алдыңызда жатқан кітаптың шығуына дем бергені үшін алғыс айтамыз. (Аллаһ Тағала оған өзінің ең жақсы жарылқауын жіберсін!)

Біз бұл кітапты мұғалімдер, ата-аналар және балалар бірдей дәрежеде жылы қабыл алады деп сенеміз!

Бұл кітапшада балалардың есімдері ойдан алынған.

Шәкен Айдар
ҚР Ұлттық Ахмадийя Мұсылман
Жамағатының Президенті

Жұма, танертенгі сағат 9. Қоңырау соғылды. Әлемнің бір еліндегі бастауыш сынып оқушылары өздерінің сыныптарына жүгірісіп кетті.

Сыныптардың бірінде бірінші сабақ дінтану пәні болды. Балалар өздерінің орындарына жайлап отырысымен, сыныпқа мұғалім кірді. Мұғалім: «Бүгін біз сіздермен Исламның Қасиетті Пайғамбары салла Аллаһу алайһи уа салламның өмірі туралы әңгімелесеміз», – деді.

«Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca} қай жерде туылған?» – деп ол балалардан сұрады.

Балалар ешқандай жауап бермеді. Содан кейін ол: «Исламның негізін қалаушысының есімі кім, оны кім біледі?» – деп сұрады.

Ахмед қолын көтерді де: «Исламның негізін қалаушысының есімі Мұхаммед^{ca}, оған бейбітшілік және Аллаһ Тағаланың рахметі жаусын!» – деді.

«Өте жақсы!» – деп оны мұғалім мақтады.

Одан кейін ол Айнұрды шақырды да, картадан араб елін көрсетуін өтінді.

Айнұр тақтаға шықты да, сол елді картадан көрсетті.

Мұғалім әңгімесін былай бастады: «Мұхаммед^{ca} араб елінде, Меккеде біздің дәуірімізде 570^{mm} жылы туылды. Атасы Абдул Мүттәліб оны Мұхаммед^{ca} деп атады. Бала жетім болып туылды».

«Кімді жетім деп атайды, сендер білесіңдер ме?» – деп мұғалім сұрады.

«Әкесіз немесе шешесіз қалған баланы», – деп Хасан жауап берді.

«Дұрыс», – деді мұғалім. «Мұхаммедтің^{ca} әкесі Абдуллаһ ұлының туылуына бірнеше ай қалғанда қайтыс болады. Мұхаммедтің^{ca} тегі арабтың өте өнегелі – Құрайыш тайпасына жатады. Сол кездегі әдет-ғұрып бойынша, Мұхаммедтің^{ca} анасы Әмина оны ауылдық жерде тәрбиеленсін деп, Халима есімді асыраушы (*сүт анасы*) әйелге береді».

«Асыраушы дегеніміз кім?» – деп сұрады Иван.


«Біреудің бөтен сәбиін емізетін әйелді атаймыз», – деп жауап берді мұғалім.

«Мұхаммед^{ca} алты жасқа келгенде, оның анасы да қайтыс болды. Оған қамқорлық етуді атасы Абдул Мүттәліб өз мойнына алды, бірақ екі жылдан кейін ол да дүние салды.

Осыдан кейін Мұхаммед^{ca} өзінің әкесінің інісі Әбу Тәлібтің қарамағында болды. Барлық жасөспірімдер секілді Мұхаммед^{ca} те, бала кезінде, жайылымдағы түйелер мен ешкілерге қарайлады.

Ол өте шыншыл бала болды. Ол ешқашан да өтірік айтқан емес. Ол ылғи таза да ашық болатын. Ол кедейлермен әлсіздерге көмектесуге тырысты. Ол үлкендерді сыйлап, кішілерге мейірімді болды.

Ол он екі жасқа келгенде, әкесінің інісі Әбу Тәліб өзінің сауда керуенімен Сирияға (*Шам еліне*) бірге алып жүрді.



Жасы жиырма беске келгенде, Мұхаммед^{ca} Меккенің бай жесір әйелі Хадишаға үйленеді. Үйленген соң, Хадиша бар байлығын Мұхаммедке^{ca} береді, ол оны кедейлер мен мұқтаждарға жұмсаған.

Мұсылмандардың сенімі бойынша, Мұхаммед^{ca} қырық жасқа келгенде, Құдіреті Күшті Аллаһ оны барша адамзатқа Өзінің Елшісі етіп тағайындады. Мұхаммед^{ca} Меккеден жиі кетіп қалып, өзінің көп уақытын Хира деген үңгірде өткізетін дейді. Меккедегі өзінің айналасындағы өмір, оны қанағаттандырмады. Кедейлер мен жетімдер барлығына жек көрінішті болды. Адамдар тастан

және ағаштан жасалған пұттарға табынды. Бір күні ол үңгірде Құдіреті Күшті Асажоғарыға сиынып жатқан кезде, Жәбірейіл періште оған Алладан хабар әкелді.

Бұл аянның бастамасы еді. Осы және басқа да аяндар мұсылмандардың Қасиетті кітабы Құранды құрады».

«Аян дегеніміз не?» – деп сұрады Фатима.

«Аян – бұл Құдайдың адамға жіберген Алланың ілімі. Оны адамға, Аллаһ сөз арқылы береді», – деп түсіндірді мұғалім.

Ислам Пайғамбары^{ca}, не оқи, не жаза білмейтін, бірақ ұлы білімді ол Аллаһ Тағаланың аянымен меңгерді.

Басында оған өте аз адамдар сенді. Меккеліктердің басым көпшілігі оны күлкіге айналдырды. Ол Меккеде тағы да он үш жыл тұрды. Осы уақыт аралығында ол және оның ізбасарлары қатты қудаланушылыққа ұшырады.

Андуға төзу мүмкін болмағандықтан, оған Аллаһ Тағала Меккені таста деп бұйырды. Сондықтан ол, сол кездерде Ислам діні тарап үлгірген Медине қаласына қоныс аударды. Мұсылмандар тарихында бұл оқиға *“Гиџра”* деп аталады. Мұсылман күнтізбесі Ислам Пайғамбары^{ca} Меккеден Мединеге көшкен күннен басталады. Мединеде Исламның гүлдене бастағанын көрген меккеліктер мұсылмандарды жою үшін бірнеше рет Мединеге шабуыл жасады. Барлық қиыншылыққа қарамастан, бұл шайқаста мұсылмандар жеңіп шығады. Ақырында мұсылман әскерлері Ислам Пайғамбарының^{ca} басшылығымен Меккеге жеңімпаздықпен кіреді.

Пайғамбарымыз^{ca} алпыс үш жасында дүние салды. Бұл кездерде Ислам барлық араб еліне таралған еді. Ислам Пайғамбары^{ca} елдің барлығына мейірімділік көрсетті, тіпті өзінің жауларына да қайырымды болды, ал балаларға ерекше мейірімді болды.

Оқушыларды мұғалімнің әңгімесі баурап алғандығы сондай, тіпті сабақтың аяқталғанын білдіретін қоңырау соғылғанында естімей қалды. Мұғалім оларға: «келесі аптада әр оқушы Ислам Пайғамбарының^{ca} өмірінен оның балаларға деген мейірімділігі мен сүйіспеншілігін көрсететін бір-бір оқиға айтып берулерің керек!» – деді.

(I)

Келесі жұмада оқушылар сабаққа жиналған кезде, Айша тұрды да былай деді: «Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} адамзатқа көрсеткен ең үлкен игі істерінің бірі жаңа туылған қыз балаларды өлтіруге итермелейтін қатыгез салтты жойғанында еді.

Мен араб елінде туылдым. Бұрынғы уақыттарда, Исламның Қасиетті Пайғамбары^{са} келмей тұрған кезде, араб елінде қыздардың туылуы руды масқара етеді деп санайтын және оларды туылысымен өлтіріп тастайтын кейбір тайпалар өмір сүрген. Олар осындай қылықтарымен өздерінің намысын қорғаймыз деп ойлайтын. Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} осы қатыгез салтты жойды. Мұнымен ол балаларға, әсіресе қыздарға зор мейірімділік танытты. Оған бейбітшілік және Алланың рахметі жаусын!»

Айша әңгімесін аяқтасымен, Әлия қолын көтерді. Ол: «Анам маған бұрындары Үнді елінде жаңа туылған қызды өлтіретін салтты бар халық тұрғанын айтты. Тіпті күні бүгінге дейін ата-аналар қыз туса, ұл туғандай бақытты емес», – деді.

Мұғалім былай деді: «Иә, Әлия, сен дұрыс айтасың. Сондықтан да адамдар осындай қатал да қатыгез салтты жойғаны үшін және әйелдердің қоғамдағы құқығын қайтарып бергені үшін, Исламның Қасиетті Пайғамбарына^{са} шексіз риза».

(II)

Енді Ахмедтің кезегі келді. Ол: «Исламның Қасиетті Пайғамбары^{са} өзінің ізбасарларына өздерінің балаларына мейірімді болулары керек екенін өсиет етті. Кейде үлкендер балаларға менменсіп жоғарыдан қарайды. Тіпті өзінің балаларын өте жақсы көретін, жақсы тамақтандыратын,

жақсы киіндіретін, жалпы оларға жақсы қарайтын ата-аналардың өздері де кейде балалардың сезіміне көңіл бөлмейді. Олар, бұлар әлі бала ғой деген оймен, олардың сезімдеріне маңызды көңіл бөлмейді», – деді.

Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} мұндай ата-аналарды өздерінің балаларына деген қажетті сый-құрмет көрсетулерін, оларға балаларына маңызды барлық тақырыпта тең дәрежеде әңгімелесу керек екендігін үйретті. Олардан ол, өздерінің балаларына мүмкіндігінше ең жақсы білім беру керек екендігін және оларда үлкендерді құрметтеу қасиетін дамыту керек екендігін өтінді. Бұл балаларға деген Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} ең ұлы қайырымды істерінің бірі еді.

(III)

Одан кейін өзінің әңгімесін Имран бастады: «Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} өзінің ізбасарларына адам өлгеннен кейін оның мұрасы кішілерді өкпелетпей, барлық балаларына тиісті дәрежеде бөлініп берілуі тиіс екендігін өсиет етті. Араб елінде сол уақыттағы салт-дәстүр бойынша өзінен кейінгі кішілердің барлығын өзіне бағынышты етіп, ата-анасы мүлікті тек қана үлкен ұлына мұра етіп калдыратын.

Мұсылмандарға балалар арасындағы айырмашылықты болдырмауға үйреткені үшін біз Қасиетті Пайғамбарымызға^{са} өте ризашылықпен алғысымызды білдіруіміз керек.

Осындай жолмен мұсылмандар қоғамында барлық балалар өзінің ата-анасынан қалған мұраның нақты бөлігін алады.

Мен бауырларымның ішіндегі ең кенжесімін, бірақ менің әке-шешемнің байлығынан жеке тиесілі мұрам бар.

Біз сондықтан әлемге осындай керемет ілім сыйлағаны үшін Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} даналығын мадақтауымыз керек».

(IV)

Келесі оқушы Мариям орнынан тұрды да былай деді: «Мен аздап қыздарды оқыту туралы айтпақшы едім. Оларды оқыту керектігін Пайғамбарымыз^{са} ерекше атап өткен. Қыздарың жақсы білім алсын, сол үшін барлық жағдайды жасаңдар деп, Пайғамбарымыз^{са} мұсылмандарға үйреткен. Сөйтіп олар, оқуларынан кейін тек қана жақсы ана болып, өз балаларын жақсы тәрбиелеп ғана қоймайды, сонымен қатар олар өз білімділігімен қоғамына зор пайда әкелетін болады. Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} осы іліміне құлақ асқан менің ата-анам зайырлы білім мен діни ілімді берді. Нәтижесінде, менің анам жұмысындағы ер қызметтестерінің көбінен (біліктілігі жағынан) асып түседі.

Өз қыздарыңды да оқытыңдар, деп мұсылмандарға өсиет еткен Мұхаммед Пайғамбарымызға^{са} біз әрқашан риза болуымыз керек!»

(V)

Мұсылмандар өздерінің балалары үшін Аллаһ Тағалаға сыйынулары керек екендігі туралы Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} нақыл сөздерін бүкіл сыныптың есіне түсіргеннен кейін, Фарид былай деді: «Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} осы мақсатта ерекше дұғаның бар екенін мысалға келтірді.

Осындай дұғаның бірі мынадай: “О, Аллаһ, мені және менің ұрпағымды пұтқа табынушылықтан және Аллаға серік қосушылардан сақта. О, Құдай, бізді Сенің еркіңе сай тіл алғыш ете гөр! О, Аллаһ, намазда ұқыпты болуды мені және менің ұрпағымды табанды ете гөр! О, Аллаһ, біздің ерлерімізді, біздің әйелдерімізді және біздің балаларымызды біздің жанарамыздың қуанышы ете гөр және бізді жақсы адамдар үшін үлгі ете гөр!”

Осы тамаша сыйыну дұғасы мұсылмандарға Қасиетті Пайғамбарымыз Мұхаммед^{са} арқылы берілген».

(VI)

Содан кейін Уәлид тұрды да былай деді: «Мен – жетіммін. Менің ата-анам ертеде қайтыс болған. Мені асырап алған ата-анам тәрбиеледі. Олар маған ылғи да мейірімді болды. Олар мені өздерінің туған баласындай тәрбиеледі. Мен оларға өте ризамын, бірақ Аллаға және Оның Елшісі Мұхаммедке^{са}, Исламның Қасиетті Пайғамбарына^{са} жетімдерге көрсеткен қамқорлығы үшін одан да артық ризамын. Қасиетті Құранда Аллаһ Тағала былай дейді: “Жетімдерге зұлымдық істемендер” және Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} сол сияқты былай дейді: “Жетімдерге қамқорлық жасаған, оларды ең озық үлгіде тәрбиелеген адам жұмақта менімен бірге болады”».

Уәлид, Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} мұсылмандарға жетімдермен қалай қарым-қатынас жасаудың нақты бағыт-бағдарын айтты. Қасиетті Пайғамбарымыз^{са} өзі жетім болып өсті, сондықтан ол олардың сезімдерін түсіне білді!

(VII)

Енді Абдулланың кезегі келді. Ол Қасиетті Пайғамбарымыздың^{са} мынадай нақылын айтып берді: «Ей, адамдар, сендердің әрқайсыларың қамқоршысыңдар және әрқайсыларың Құдіреті Күшті Алланың алдында, қамқор-ыңыздағы адамдар үшін жауаптысыңдар».

Мұғалім: «Абдуллаһ, сен бұл нақылдың мағынасын түсіндіре аласың ба?» – деп сұрады.

Абдуллаһ: «Басқа адамдарға үстемдігі бар әрбір адам Қасиеті Күшті Алланың алдында қарамағындағы адам үшін

жауап береді. Барлық адамдар, мұғалімдер, ата-аналар, ағайіні, әпке-қарындастар, жұмыс берушілер өздерінің жауапкершілігін ең озық үлгіде алып жүрулері керек. Балаларға қарайтын адамдар, балалардың жақсы білім алып шығуына жақсы әдеп қалыптастыруға қамқорлық жасаулары тиіс.

Біз, балалар, Исламның Қасиетті Пайғамбарының^{ca} осындай керемет ілімі үшін өте ардақтауымыз керек».

(VIII)

Келесі Халид болды. Ол тұрды да былай деді: «Менің әкемнің інісі бай адам және оның байлығы өте көп. Ал, бірақ оның өз баласы жоқ еді. Ол әйелінің жақын туысқанының баласын асырап алды да, оны өзінің байлығының жалғыз мұрагері еткісі келді.

Осылайша олар бізді және басқа да заңды мұрагерлерді өздерінің тиесілі бөліктерінен айырар еді. Менің әкемнің інісі имаммен ақылдасқан кезде, ол былай деді: “Ислам заңы, асырап алынған баланың мұндай құқығын мойындамайды”. Сондықтан менің көкем өз ойын өзгертті. Біз өзіміздің үлесімізден айырылмадық. Біз Аллаға және Оның Елшісіне^{ca} осындай әділеттілігі үшін алғысымызды айтамыз».

(IX)

Назифаның кезегі келді. Ол: «Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca} мұсылмандарға балалармен қарым-қатынаста әділетті болуын үйретті», – деді. Ол Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} өмірінен бір оқиға айтып берді. «Бір күні Қасиетті Пайғамбарымызға^{ca} бір адам келіп сұрақ қойыпты: “Мен мұрамның осынша бөлігін өзімнің ұлыма бергеніме куәгер болар ма едің?”

Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca}: “Ал, қалған балаларың ше? Олар да осындай бөлікке ие болама?” – деп сұрады.

“Жок”, – деп жауап берді әлгі адам.

Сонда Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca}: “Мұндай әділетсіз іске мен куә бола алмаймын”, – деп жауап берді.

Осыдан біз Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} ата-аналардың барлық балаларына тең және әділетті көңіл бөлулеріне өте қам жегенін көреміз».

Рашид сұрады: «Мен жақсы көретін ойыншықты менің қарындасым жақсы көрмейді, сондықтан оған менің әкем басқа ойыншықтар әкеледі. Осы әділетті ме?» – деп сұрады.

«Иә», – деп жауап берді мұғалім. «Сендердің әрқайсыларың таңдай аласыңдар. Бұл әділетті. Егер біреуің бұл жағдайда ешнәрсе алмасаң, онда әділетсіз болар еді».

(X)

Мансұрдың кезегі келді. Ол өз әңгімесін былай бастады: «Менің ағам таңертең мектептің алдында газет таратады. Егер ол санынан жаңылысса, оған ұрсады, айғайлайды, кейде тіпті айып төлетеді. Бір күні мен мешітке барғанда, имамның айтқан әңгімесін естідім. Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} кезінде бүкіл шаруашылықты жүргізуге көмектескен Анас деген бала оның қызметшісі болыпты.

Анас онға толған кезде, анасы оны Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} қауымына тастап кетеді, сөйтіп ол осы үйде жасы он сегізге толғанша қалады. Анастың айтуы бойынша, Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca} одан бір нәрсені істемегені немесе білмей істегендері үшін ешқашан да есеп алмаған. Бұл оқиға Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} балаларға деген нағыз мейірімділігін көрсетеді».

(XI)

Жақып Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} өмірінен тағы бір оқиға айтып берді. «Бір күні Пайғамбарымызға^{ca} оның немерелері келді. Ол оларды көтеріп алды да, беттерінен сүйді. Мұның барлығын көріп тұрған бәдәуи былай деді: “О, Алланың Елшісі! Біз өзіміздің балаларға деген құштарлығымызды сен сияқты көрсетпейміз”.

“Егер сен балаларға қатысты махаббатыңнан және мейірімділігіңнен айырылған болсаң, мен не істей аламын?” – деп жауап берді Пайғамбарымыз^{ca}».

Жақып әрі қарай жалғастырды: «Бұл оқиға да бізге Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} балаларға өте бауыр басқанын көрсетеді».

Рашид: «Бәдәуи деген кім?» – деп сұрады.

Мұғалім: «Бәдәуи – бұл шөл далада бір орыннан екінші орынға көшіп қонып жүретін арабтар. Олардың тұрақты тұратын жері жоқ».

(XII)

Насыр айтты: «Бір күні Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca} бірге жүрген достарының бірінің үйіне келеді. Ол: “Бері кел, саған тәтті бір нәрсе беремін!” – деп баласын шақырған әйелді көрді. Пайғамбарымыз^{ca} одан: “Не берем деп уәде етіп едің?” – деп сұрады. “Кепкен құрма”, – деп әйел жауап берді. Сонда Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca}: “Егер сен балаға бір нәрсе уәде етсең, және сол уәдеңде тұрмасаң, онда сен өтірік айтқан адамның күнәсіндей күнә арқалайсың”, – деген екен».

«Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} бұл нақылы бізге әрқашан да уәдеңде тұр деп айтады», – деп жалғастырды Насыр.

Мұғалім: «Өтірік айту – сұмпайы қылық, бұны бастаған адамның мұндай қылықтан арылуы өте қиынға соғады. Әсіресе мұны балалар ата-аналарынан үйренеді.

Сондықтан үлкендер оларға өзінің шыншылдығымен үлгі беруге қатты көңіл бөлулері тиіс», – деп толықтырды.

(XIII)

Сафа Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} өмірінен оқиға айтып берді. Ол былай деді: «Бір күні Қасиетті Пайғамбарымыз^{ca} жамағат намазын жүргізіп тұрып, әрі қарай сыйынуды жалғастырайын деп ниеттенген кезде, баланың жылағанын естіп, оны қысқарта қояды. Ол ана мен баланың қиналғанын көргісі келмеді. Бұл Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} балаларға деген сезімталдығын және қайырымдылығын көрсетеді».

(XIV)


Бұл күні соңғысы Таһир болды. Ол барлығына Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} балаларды беттен ұруға тиым салғаны туралы айтты. «Мен кеше теледидар көрдім. Онда балаларының тәртібіне ашуланған ата-аналар шектен шығып, балаларын беттен ұрғандары туралы жиі айтты. Тіпті бүгін де кейбір елдерде жаза ретінде балаларын тәртіптері үшін ұрады. Балаларды әрқашан да қорғаған Исламның Қасиетті Пайғамбары^{ca} кім болмасын, балаларды беттен ұруға тиым салды. Бұл тағы да Қасиетті Пайғамбарымыздың^{ca} балаларға деген мейірімі мен махаббатын көрсетеді. Бізге осындай мейірімді де тамаша ілім сыйлаған Пайғамбарымызға^{ca} Алланың бейбітшілігі мен рахметі жаусын!»

Мұғалім былай деді: «Барлығымыз білетіндей, бет – денеміздің сезімтал бөлігі, сондықтан беттен ұру әжептәуір зақым келтіреді. Біздің барлығымыз Ислам Пайғамбарының^{ca}

осы тамаша ілімінің ізімен жүріп, және бір-бірімізбен мейірімді және қайырымды қарым-қатынаста болуымыз керек».

Басқа балалар да өз ойларын айтқысы келді, бірақ мұғалім сағатына қарады да: «Өкінішке орай, бізде басқа уақыт қалған жоқ. Сондықтан біз әңгімемізді келесіге қалдырайық!» – деді.

Қоңырау соғылды да мұғалім балаларды сыныптан шығарды.



Ұлттық Ахмадиййа Мұсылман Жамағатының баспасынан шығарылған және шығарылатын әдебиеттері:

Хабарландыру парақтары (Буклеттер)

- 1) Ислам деген не?
- 2) Неге мен Исламға иланамын?
- 3) Хазірет Иса^{ac} Қасиетті Құранда.
- 4) Хазірет Иса Мәсіх^{ac} Құдай да, Құдайдың ұлы да болмаған.
- 5) Хазірет Иса Мәсіх^{ac} крестегі өлімнен құтқарылған.

Кітаптар

- 1) Намаз.
- 2) Діннің қайта жаңғыруы.
- 3) Пайғамбарымыздың^{ca} балаларға мейірімділігі.
- 4) Ахмед пен Сара мешітке барады.
- 5) Құранды оқуға үйрететін кітапша (Қаидаһ Йассарнал Құран).



THE HOLY PROPHET'S KINDNESS TO CHILDREN

(Kazak translation)

